

**Қазақстан Республикасы мен Корей Халық-Демократиялық Республикасы арасындағы
Азаматтық және қылмыстық істер жөніндегі өзара құқықтық көмек туралы шартты
бекіту жөнінде**

Қазақстан Республикасы Заңы 1998 жылғы 9 қараша N 291-І

Пхеньянда 1997 жылғы 7 сәуірде қол қойылған Қазақстан Республикасы
мен Корей Халық-Демократиялық Республикасы арасындағы Азаматтық және
қылмыстық істер жөніндегі өзара құқықтық көмек туралы шарт бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қазақстан Республикасы мен Корей Халық-Демократиялық
Республикасы арасындағы Азаматтық және қылмыстық істер
жөніндегі өзара құқықтық көмек туралы
ШАРТ*

2001 жылғы 28 шілдеден бастап күшіне енді - ҚР халықаралық
шарттары бюллетені, 2002 ж., N 2, 27-құжат

Бұдан былай "Уағдаласушы Тараптар" деп аталатын Қазақстан
Республикасы мен Корей Халық-Демократиялық Республикасы
егемендікті Құрметтеу мен өзаралық негізінде құқықтық қатынастар
саласындағы ынтымақтастықты жүзеге асыру мақсатымен бір-біріне азаматтық
және қылмыстық істер жөнінде құқықтық көмек көрсетуді ұйғарды және осы
мақсатпен мына төмендегілер туралы уағдаласты.

I ТАРАУ
Жалпы ережелер

1-бап
Құқықтық қорғау

1. Бір Уағдаласушы Тараптың азаматтары, сондай-ақ оның аумағында тұратын азаматтығы жоқ адамдар, екінші Уағдаласушы Тараптың аумағында өздерінің жеке және мүліктік құқықтарын сол екінші Уағдаласушы Тараптың азаматтары сияқты құқықтық қорғаумен пайдаланады.

2. І-тармақтың ережелері, сондай-ақ заңды тұлғаларға да және оларға теңестірілген Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысының аумағында олардың ұлттық заңдарына сәйкес құрылған құрылымдарға да қолданылады.

3. Осы Шартта қолданылатын "азаматтық істер" терминіне неке-отбасылық, еңбек, мұрагерлік, шаруашылық істер енеді.

2-бап

Құқықтық көмек

1. Уағдаласушы Тараптардың органдары мен мекемелері өз елінің заңымен және осы Шарттың ережелерімен айқындалатын өзінің құзыретіне сәйкес азаматтық және қылмыстық істер жөнінде өзара құқықтық көмек көрсетеді.

2. Азаматтық және құқықтық істер бойынша құқықтық көмек көрсету туралы өтініштермен келген кезде Уағдаласушы Тараптардың соттары мен басқа да құзырлы мекемелері (әрі қарай - "құзырлы мекемелер") егер осы Шартпен өзгеше белгіленбесе, бір-бірінен өздерінің орталық органдары арқылы

хабарласады.

3. Осы баптың 2-тармағында аталған орталық органдарға мыналар жатады:

Қазақстан Республикасы жағынан - Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі, Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасы;

Корей Халық-Демократиялық Республикасы жағынан - Корей Халық-Демократиялық Республикасының Орталық Соты және Корей Халық-Демократиялық Республикасының Жоғарғы Прокуратурасы.

3-бап

Құқықтық көмектің көлемі

Уағдаласушы Тараптар өз заңдарының талаптарын сақтай отырып, бір-біріне мынадай жолдар арқылы құқықтық көмек көрсетеді:

- процессуалдық іс-әрекеттерді орындау;
- құжаттарды жөнелту және тапсыру;
- мүліктік айғақтарды жіберу;

- іс материалдарын жіберу;
- сот шешімдерін тану және орындау;
- талапты қамтамасыз ету;
- сұрау салушы Тарапқа сотталғандығы туралы мәліметтер беру;
- адамдарды іздеу;
- шұғыл-ізвестіру шараларын өткізу;
- қылмыс жасаған адамдарды қылмыстық жауапқа тарту үшін немесе үкімді орындау үшін оларды ұстап беру;
- өзге әрекеттер.

4-бап

Өтініш (тапсырма) түрі мен мазмұны

1. Құқықтық көмек көрсету туралы өтініш (тапсырма) жазбаша түрде жасалу керек және тапсырма мазмұнын ескере отырып, мынадай деректемелері болуға тиіс:

- 1) сұрау салушы мекеменің атауы;
- 2) сұрау салынған мекеменің атауы;
- 3) құқықтық көмек сұралатын істің атауы және өтініш (тапсырма) мазмұны;
- 4) іске қатысы бар адамдардың аттары мен тектері, олардың азаматтығы, жынысы, кәсібі, тұратын жері немесе мекені, туған жылы мен жері; заңды тұлғалар үшін - атауы мен тұрған жері;

5) осы баптың 4-тармақшасында аталған адамдардың өкілдері болған жағдайда олардың аттары, тектері және мекен-жайлары;

6) беріліп отырған құжаттың атауы;

7) анықтауға жататын жағдайларды баяндау, сондай-ақ талап етілген құжаттар мен өзге дәлелдемелердің тізбесі; ал қылмыстық істер бойынша жасалған қылмыстың нақты жағдайларын сипаттау, оның заңдық сапалық ережесін анықтау және мүмкіндігінше, тұлғаның бет-әлпетін сипаттау, оның суреті, саусақтарының таңбасы.

2. Құқықтық көмек көрсету туралы өтінішке (тапсырмаға) құзырлы лауазымды адамның қолы қойылуы және оның мөрмен бекітілуі тиіс.

5-бап

Тапсырманы орындау тәртібі

1. Құқықтық көмек көрсету туралы тапсырманы орындау кезінде сұрау салынған құзырлы мекеме өз мемлекетінің заңдарына сәйкес әрекет етеді.

Алайда, сұрау салушы құзырлы мекеменің өтініші бойынша ол сұрау салушы Тараптың процессуалдық қалыптарын, егер олар өз мемлекетінің заңдарына қайшы келмейтін болса, қолдана алады.

2. Тапсырманы орындау мүмкін болмаған жағдайда сұрау салынған құзырлы мекеме сұрау салушы құзырлы мекемеге жағдай туралы хабарлайды.

3. Тапсырманы орындағаннан кейін сұрау салынған құзырлы мекеме бұл жөнінде немесе тапсырманы орындауға кедергі болған жағдайлар туралы хабарлайды.

6-бап

Құжаттарды беру

1. Сұрау салынған мекеме, егер берілетін құжаттар осы Шарттың ережелеріне сәйкес жасалған болса, құжаттарды беруді оның мемлекетінде қолданылып жүрген тәртіпке сәйкес жүзеге асырады.

2. Егер құжаттар тапсырмада көрсетілген адресатқа беріле алмаса, онда сұрау салынған мекеме оның құжаттарды жіберуге болатын мекен-жайын анықтауға қажетті шараларды қолданады. Егер мекен-жайды анықтау мүмкін болмаса, онда ол бұл туралы сұрау салушы мекемеге хабарлайды және оған құжаттарды қайтарады.

7-бап

Құжаттардың берілгендігін растау

Құжаттардың берілгендігін растау сұрау салынған мемлекетте қолданылып жүрген ережелерге сәйкес дайындалады және бұл растауда құжаттардың тапсырылу мерзімі мен орны, құжаттар тапсырылатын адамның тегі мен аты, онда тапсырудың әдісі, орны және уақыты көрсетілуге тиіс құжатты немесе осы мекеме арқылы берілген өзге құжатты беруші мекеме қызметкерінің қолы көрсетілуі керек. Растау сұрау салынған мекеменің елтаңбалы мөрімен бекітілуі тиіс.

8-бап

Құжаттарды куәландыру

1. Уағдаласушы Тараптардың біреуінің аумағында белгіленген тәртіпте және тиісті түрде жасалған немесе куәландырылған құжаттар, сондай-ақ, ресми куәландырылған көшірме мен аударма, егер олар қол қойылған және құзырлы органның мөрімен бекітілген болса, екінші Уағдаласушы Тараптың аумағында ресмилендіріусіз-ақ танылады. Бұл, сондай-ақ қолы Уағдаласушы Тараптардың біреуінің аумағындағы заңға сәйкес куәландырылған азамат дайындаған қуаттарға да қатысты.

2. Уағдаласушы Тараптардың біреуінің аумағында дайындалған ресми құжаттар

екінші Уағдаласушы Тараптың аумағында да ресми құжаттардың дәлелдеуші күшімен пайдаланады.

9-бап

Куәларға, жәбірленушілерге және сарапшыларға қатысты кепілдіктер

1. Куә, жәбірленуші немесе сарапшы - сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың құзырлы мекемесі берген шақыру қағаз бойынша сұрау салушы Уағдаласушы Тараптың құзырлы органына келген Уағдаласушы Тараптардың бірінің азаматы соттық іс қараудың тақырыбы болып табылатын немесе сұрау салушы Уағдаласушы Тараптың мемлекеттік шекарасын кесіп өткенге дейін жасалған қылмыс үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылмайды немесе абақтыда ұсталмайды немесе жазаланбайды.

2. Куә, жәбірленуші немесе сарапшы, егер өзінен жауап алған заң

органы енді оның бұған қатысуының қажеттілігі жоқ деп хабарлаған сәттен бастап ол екі аптаның ішінде Уағдаласушы Тараптың аумағынан кетпесе, жоғарыда көрсетілген артықшылықтарынан айырылады.

Бұл адамның өз кінәсіне байланысты болмай, сұрау салушы Уағдаласушы Тараптың аумағын тастап кете алмаса, берілген мерзім ішіндегі уақыт есептелмейді.

10-бап

Құқықтық көмек көрсетуге байланысты шығындар

1. Сұрау салынған Уағдаласушы Тарап өз аумағында құқықтық көмек көрсету кезінде пайда болған шығындарды көтереді.

2. Куәнің, жәбірленушінің немесе сарапшының жол шығындарын, болуы кезіндегі шығындарын, алынбаған еңбекақысы үшін ақшалай өтемді оларды шақырған Уағдаласушы Тарап көтереді.

11-бап

Құқықтық ақпаратпен алмасу

Уағдаласушы Тараптар осы Шартта көрсетілген орталық органдар арқылы Уағдаласушы Тараптардың біреуінің өтініші бойынша ішкі заңдар және оларды қолдану практикасы туралы ақпаратпен алмасады.

12-бап

Тілі

Сұрау салушы Уағдаласушы Тараптың мемлекеттік тілінде дайындалған, осы Шарттың орындалуына байланысты екінші Уағдаласушы Тарапқа ұсынылатын құжаттар орыс тіліне аударылуы керек.

13-бап

Құқықтық көмек көрсетуден бас тарту

Егер сұрау салушы Уағдаласушы Тарап құқықтық көмек көрсету оның егемендігіне, қауіпсіздігіне, қоғамдық тәртібіне зиян келтіреді немесе оның ұлттық заңдарына қайшы келеді деп есептесе, ол сұрау салушы Уағдаласушы Тарапқа бас тартудың себептерін хабарлай отырып, құқылық көмек ұсынудан бас тарта алады.

II ТАРАУ

Азаматтық істер жөніндегі құқықтық көмек

14-бап

Сот шығындарынан босату

1. Бір Уағдаласушы Тараптың азаматтары, сондай-ақ оның аумағында тұратын азаматтығы жоқ адамдар сот шығындарынан босатылады және сол Уағдаласушы Тараптың азаматтары секілді тең шарттар мен сондай көлемде ақысыз адвокаттық қорғауға құқылы.

2. Сот шығындарынан босату күштеп орындатуға және басқа да

процессуалдық іс-әрекеттерінің барлығына қатысты.

15-бап

Құқықтық қабілеттілік және әрекет қабілеттілігі

1. Жеке адамның әрекет қабілеттілігі ол азаматы болып табылатын Уағдаласушы Тараптың заңдарымен айқындалады.

2. Азаматтығы жоқ адамның әрекет қабілеттілігі оның аумағында тұрақты мекен-жайы бар Уағдаласушы Тараптың заңдарымен айқындалады.

3. Заңды тұлғаның құқықтық қабілеттілігі өзі оның заңдары бойынша бекітілген Уағдаласушы Тараптардың заңнамаларымен анықталады.

16-бап

Адамдарды хабар-ошарсыз кетті деп тану немесе қайтыс болды деп хабарлау. Қайтыс болу дерегін анықтау

1. Адамды хабар-ошарсыз кетті деп немесе қайтыс болды деп хабарлауды тану туралы істер жөнінде және қайтыс болу дерегін анықтау туралы істер бойынша ол соңғы мәліметтер бойынша тірі кезінде азаматы болған Уағдаласушы Тараптың мекемелері құзыретті, ал басқа адамдарға қатысты - олардың соңғы тұрған жеріндегі құзырлы мекемелер құзыретті.

2. Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысының құзырлы мекемелері екінші Уағдаласушы Тараптың азаматын және оның аумағында тұратын азаматтығы жоқ адамдарды хабар-ошарсыз кетті деп немесе қайтыс болды деп тани алады, сондай-ақ құқықтары мен мүдделері осы Уағдаласушы Тараптың заңына негізделген оның аумағында тұратын мүдделі адамдардың құзаухаты бойынша оның қайтыс болғандығы дерегін анықтай алады.

3. Хабар-ошарсыз кетті деп тану туралы немесе қайтыс болды деп хабарлау туралы және қайтыс болғандығы дерегін анықтау туралы істерді қарау кезінде Уағдаласушы Тараптардың құзырлы мекемелері өз мемлекетінің заңдарын қолданады.

17-бап

Некеге отыру, некені бұзу, некенің жарамсыздығы

1. Некеге отырудың шарттары болашақ ерлі-зайыптылардың әрбірі үшін - ол азаматы болып табылатын Уағдаласушы Тараптың заңдарымен, ал азаматтығы жоқ адамдар үшін - аумағында олардың тұрақты мекен-жайлары бар Уағдаласушы Тараптың заңдарымен айқындалады. Мұнан басқа да некеге отыру кедергілеріне қатысты аумағында некеге отырғызылу жүргізілетін Уағдаласушы Тарап заңдарының талаптары сақталуы керек.

2. Некені бұзу туралы істер бойынша арыз берілген сәттен бастап ерлі-зайыптылар азаматтары болып табылатын Уағдаласушы Тараптың заңдары қолданылады.

3. Егер ерлі-зайыптылардың біреуі - бір Уағдаласушы Тараптың, ал екіншісі - басқа

Уағдаласушы Тараптың азаматы болса, онда құзырлы мекемесі некені бұзу туралы істі қарайтын Уағдаласушы Тараптың заңдары қолданылады.

4. Некені жарамсыз деп тану туралы істер бойынша некеге отыру кезінде осы баптың 1-тармағына сәйкес қолданылған Уағдаласушы Тараптың заңдары қолданылады.

18-бап

Ерлі-зайыптылардың мүліктік және жеке қатынастары

1. Ерлі-зайыптылардың жеке және мүліктік құқықтық қатынастары аумағында олардың ортақ тұрағы бар Уағдаласушы Тараптың заңдары бойынша айқындалады.

2. Егер ерлі-зайыптылардың біреуі - Уағдаласушы Тараптардың біреуінің аумағында, ал екіншісі - басқа Уағдаласушы Тараптың аумағында тұрса және бұл жағдайда ерлі-зайыптылардың екеуінде де бір Уағдаласушы Тараптың азаматтығы болса, олардың жеке және мүліктік құқықтық қатынастары өздері азаматтары болып табылатын сол Уағдаласушы Тараптың заңдары бойынша айқындалады.

3. Егер ерлі-зайыптылардың біреуі - Уағдаласушы Тараптардың біреуінің, екіншісі - басқа Уағдаласушы Тараптың азаматы болып табылса және олардың біреуі Уағдаласушы Тараптардың біреуінің аумағында, ал екіншісі - басқасының аумағында тұрса, онда олардың жеке және мүліктік құқықтық қатынастары аумағында олардың соңғы ортақ тұрағы болған Уағдаласушы Тараптың заңдары бойынша айқындалады.

4. Егер осы баптың 3-тармағында көрсетілген адамдардың Уағдаласушы Тараптар аумағында ортақ тұрағы болмаса, құзырлы мекемесі талапты бірінші болып қабылдаған Уағдаласушы Тараптың заңдары қолданылады.

5. Ерлі-зайыптылардың жеке және мүліктік құқықтық қатынастары туралы және некені жарамсыз деп тану туралы істер бойынша заңдары осы баптың 1-4 тармақтарына сәйкес қолданылуға жататын Уағдаласушы Тараптың мекемелері құзырлы.

19-бап

Ата-аналар мен балалар арасындағы құқықтық қатынастар

1. Ата-аналар мен балалар арасындағы құқықтық қатынастар аумағында балалары тұрақты тұратын Уағдаласушы Тараптың заңдарымен айқындалады.

2. Кәмелетке толған балалардан алименттер төлету туралы істер бойынша аумағында алимент алуға талапкер адамның тұратын мекен-жайы бар Уағдаласушы Тараптың заңдары қолданылады.

3. Ата-аналар мен балалар арасындағы құқықтық қатынастар туралы істер бойынша

заңдары осы баптың 1 және 2-тармақтарына сәйкес қолданылуға жататын Уағдаласушы Тараптың мекемесі құзырлы.

20-бап

Қамқоршылық және қорғаншылық

1. Қамқоршылықты немесе қорғаншылықты белгілеу немесе жою оған қатысты қамқоршылық немесе қорғаншылық белгіленетін немесе жойылатын адам азаматы болып табылатын Уағдаласушы Тараптың заңдары бойынша жүргізіледі.

2. Қамқоршы немесе қорғаншы және қамқоршылықтағы немесе қорғаншылықтағы адам арасындағы құқықтық қатынастар оның мекемесі қамқоршыны немесе қорғаншыны тағайындаған Уағдаласушы Тараптың заңдарымен реттеледі.

3. Қамқоршылықты немесе қорғаншылықты қабылдау міндеті оның мекемесі қамқоршылықты немесе қорғаншылықты тағайындаған Уағдаласушы Тараптың заңдарымен белгіленеді.

4. Бір Уағдаласушы Тараптың азаматы болып табылатын адамның қамқоршысы немесе қорғаншысы болып, егер ол қамқоршылық немесе қорғаншылық жүзеге асырылатын Уағдаласушы Тараптың аумағында тұратын болса, басқа Уағдаласушы Тараптың азаматы тағайындалуы мүмкін.

5. Қамқоршылықты немесе қорғаншылықты белгілеу немесе жою туралы істер бойынша, егер осы Шартпен өзгеше белгіленбесе, оған қатысты қамқоршылық немесе қорғаншылық белгіленетін немесе жойылатын адам азаматы болып табылатын Уағдаласушы Тараптың мекемелері құзырлы.

21-бап

Мұрагерлік құқық

1. Мүлік мұрагерлігіне құқық осы баптың 2-тармағында көзделгеннен басқа жағдайда аумағында мұра қалдырушының соңғы тұрақты мекен-жайы болған Уағдаласушы Тараптың заңдары бойынша айқындалады.

2. Жылжымайтын мүлікке мұрагерлік құқығы аумағында осы мүлік орналасқан Уағдаласушы Тараптың заңдары бойынша айқындалады.

3. Егер Уағдаласушы Тараптың заңдары бойынша мұрагерлік мүлік мирас ретінде (заң бойынша мемлекет мирасқор болатын) мемлекет меншігіне ауысатын болса, онда жылжымалы мұрагерлік мүлік мұра қалдырушының қайтыс болар сәтінде азаматы болған Уағдаласушы Тарапқа ауысады, ал жылжымайтын мұрагерлік мүлік аумағында орналасқан Уағдаласушы Тарапқа ауысады.

22-бап

Өсиет

1. Өсиеттің жасалуына және оны бұзуға адамның қабілеттілігі, сондай-ақ өсиеттің түрі мен оны жою актісі мұра қалдырушының акт жасау сәтінде тұрақты мекен-жайы болған Уағдаласушы Тараптың заңдары бойынша айқындалады.

2. Жасалған өсиеттер немесе олардың жойылуы, сондай-ақ егер аумағында олар жасалған Уағдаласушы Тараптың заңдарымен көзделген нысаны сақталған болса, жарамды болып табылады.

23-бап

Шешімдерді мойындау және орындау

1. Әрбір Уағдаласушы Тарап осы Шартқа сәйкес өз аумағында екінші Уағдаласушы Тараптың аумағында шығарылған және заңды күшіне енген азаматтық істер жөніндегі сот шешімдерін және қылмыстық істердегі зиянды өтеу туралы талапқа қатысты бөлімдегі үкімдерді мойындайды және орындайды.

2. Осы Шарттың мәтінінде қолданылатын "сот шешімдері" термині мынаны білдіреді:

- соттың (судьяның) шешімдері, соның ішінде азаматтық және төрелік

(шаруашылық) істер бойынша бітім келісімі, сондай-ақ қылмыстық іс бойынша зиянды өтеу жөніндегі үкім.

24-бап

Сот шешімдерін мойындау шарттары

Осы Шарттың 23-бабында аталып өткен сот шешімдері мына шарттар бойынша мойындалады және орындалады:

1. Егер шешімнің заңды күші болса және ол аумағында шығарылған Уағдаласушы Тараптың заңдары бойынша орындалуға жатады.

2. Егер дәл сол іс бойынша заңды күші бар шешім Уағдаласушы Тараптардың біреуінің аумағында шығарылса, ал оның мойындалуы және орындалуы талап етілетін екінші Уағдаласушы Тараптың аумағында шешім шығарылмаған болса.

25-бап

Сот шешімдерін орындау туралы құзаухат

1. Сот шешімдерін орындау туралы құзаухатты аумағында шешім орындалуға тиісті Уағдаласушы Тараптың құзырлы сотына немесе осы шешімді шығарған сотқа тікелей беруге болады, мұндай жағдайда өтініш осы Шарттың 2-бабында көзделген тәртіпте екінші Уағдаласушы Тараптың құзырлы сотына жолданады.

2. Сот шешімін мойындау және орындау туралы құзаухат мынадай құжаттармен бірге жолдануға тиіс:

1) сот куәландырған сот шешімінің көшірмесі; егер көшірмеде шешімнің

күшіне енгені және оны орындауға болатыны нақты көрсетілмесе, бұл туралы сот шешімінің заңды күшіне енгендігі туралы сот құжатының бір данасы да қоса берілуге тиіс;

2) шешімнің сұрау салушы Уағдаласушы Тарап аумағында орындалған бөлігі туралы соттың құжаты;

3) процеске қатыспаған Тарапқа, ал оның әрекет қабілеттілігі жоқ болған жағдайда - оның тиісті өкілін заңмен белгіленген тәртіпте сотқа шақыру туралы хабарлама қағаз берілгендігін куәландыратын құжат.

26-бап

Шешімдерді күштеп орындату

Аумағында шешімдерді күштеп орындату жүргізіліп жатқан Уағдаласушы Тараптың соты оның орындалуы үшін өз мемлекетінің заңдарын қолданады.

27-бап

Шешімдерді күштеп орындатуға байланысты шығындар

Шешімдерді күштеп орындатуға байланысты шығындарға қатысты оның аумағында сот шешімдер орындалуға тиісті Уағдаласушы Тараптың заңдары қолданылады.

28-бап

Заттарды шетке шығару және ақша сомаларын аудару

Осы Шарттың шешімдерді күштеп орындату туралы ережелері Уағдаласушы Тараптардың ақша сомаларын аудару немесе сот шешімдерді орындау негізінде сатып алынған заттарды шетке шығару туралы заңдарына қатысты емес.

III ТАРАУ

Қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек

29-бап

Ұстап беру міндеті

1. Уағдаласушы Тараптар өтініш бойынша, оларды қылмыстық жауапқа тарту немесе үкімді орындау үшін олардың аумағында жүрген адамдарды осы Шартта көрсетілген шарттарға сәйкес бір-біріне ұстап беруге міндеттенеді.

2. Қылмыстық жауапқа тарту үшін ұстап беру Уағдаласушы Тараптардың

заңдарына сәйкес қылмыстық іс болып табылатын іс-әрекеттері үшін және жасаған қылмысы үшін тек бір жылдан кем емес мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі немесе одан да ауыр басқа жаза тағайындалуы көзделген қылмыстар үшін жүргізіледі.

3. Жазаны орындау үшін ұстап беру бір жылдан артық мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі немесе одан да ауыр жаза берілгендігі туралы үкім шығарылған, осы баптың 2-тармағында көзделген қылмыстар үшін ғана жүзеге асырылады.

30-бап

Ұстап беруден бас тарту

1. Егер:

1) сұрау салушы Уағдаласушы Тараптың ұстап беруді сұраған адамы сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың азаматы болса;

2) ұстап беру туралы өтініш алған сәтке сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың заңына сәйкес қылмыстық қудалауды қозғамау мүмкін болса, немесе талап мерзімі аяқталуына байланысты яки өзгеше заң негізі бойынша үкімді орындамау мүмкін болса

;

3) сұрау салушы Уағдаласушы Тараптың ұстап беру туралы сұраған

адамына қатысты сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың аумағында тап сол қылмыс үшін үкім немесе іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы заңды күшіне енген қаулы шығарылса, ұстап беру жүргізілмейді.

2. Ұстап беруден бас тартушы Уағдаласушы Тарап бас тартуын негіздей отырып, сұрау салушы Уағдаласушы Тарапты ұстап бермейтіні туралы хабардар етуі керек.

31-бап

Ұстап беру туралы өтініш

1. Ұстап беру туралы өтініш (және оған қоса берілген құжаттар)

12-баптың ережелеріне сәйкес жасалады және онда:

а) сұрау салынған мекеменің атауы;

б) іс-әрекеттің нақты жағдайларын сипаттауы және сұрау салушы Уағдаласушы Тараптың негізінде осы іс-әрекет қылмыс деп танылатын заңының мәтіні;

в) ұсталып берілуге тиісті адамның тегі, аты, әкесінің аты, оның азаматтығы, тұратын немесе келген жері, мүмкіндігінше, оның сыртқы сипаты, суреті, саусақ таңбалары және жеке басы туралы басқа да мәліметтер;

г) қылмыспен келтірілген залал көлемі көрсетілуі керек.

2. Қылмыстық қудалау үшін ұстап беру туралы өтінішке құзырлы мекеменің елтаңбалы мөрімен куәландырылған тұтқынға алу қорытындысы туралы қаулының көшірмесі қоса берілуі керек.

3. Үкімді орындау үшін ұстап беру туралы өтінішке құзырлы мекеменің елтаңбалы мөрімен куәландырылған, оның заңды күшіне енуі туралы белгісі бар үкім көшірмесі және оның негізінде адам айыпталған қылмыстық заң ережесінің мәтіні қоса берілуі керек.

4. Егер ұстап беру туралы өтініш барлық қажетті мәліметтерді қамтымаса, онда сұрау салынған Уағдаласушы Тарап қосымша мағлұматтарды талап ете алады және бір жарым айға дейін мерзім белгілейді. Бұл мерзім дәлелді себептер бойынша сұрау салушы Уағдаласушы Тараптың құзаухаты арқылы тағы да бір айға ұзартылуы мүмкін.

5. Егер сұрау салушы Уағдаласушы Тарап белгіленген мерзімде қосымша мағлұматтар ұсынбаса, онда сұрау салынған Уағдаласушы Тарап тұтқынға алынған

адамды босатуы тиіс.

32-бап

Ұстап берілуі талап етілген адамды ұстап беру мүмкін емес
жағдайлардан басқа оны тұтқынға алу

1. Осы Шартқа сәйкес Уағдаласушы Тараптар ұстап беру туралы өтінішті алғаннан кейін мүмкіндігінше қысқа мерзімде ұстап берілуі талап етілген адамды ұстап беру мүмкін емес жағдайларды қоспағанда, оны тұтқындауға және ұстап беруге қажетті шаралар қолданады.

2. Ұстап беру талап етілетін адам ұстап беру туралы өтініш алынғанға дейін-ақ құзаухат бойынша тұтқынға алынуы мүмкін. Құзаухатта тұтқынға алу туралы қаулыға немесе заңды күшіне енген үкімге сілтеме және ұстап беру туралы өтініштің қосымша ұсынылатыны көрсетілуі керек. Тұтқынға алу туралы құзаухат ұстап беру туралы өтініш алынғанша почта, телеграф, телекс немесе телефакс бойынша берілуі мүмкін.

Ұстап беру туралы өтініш алынғанша ұсталуы немесе тұтқынға алынуы

туралы екінші Уағдаласушы Тарапқа тез арада хабарлануы керек.

33-бап

Ұстап беру тәртібі

Сұрау салынған Уағдаласушы Тарап сұрау салушы Уағдаласушы Тарапқа ұстап беру орны мен уақыты туралы хабарлайды.

Уағдаласушы Тараптар әрбір жеке жағдайда ұстап берумен байланысты күзетпен жеткізуді (конвой) шарттарын келісіп шешеді.

Егер сұрау салушы Уағдаласушы Тарап ұстап берілуге тиіс адамды белгіленген күннен кейінгі 30 күн ішінде қабылдасаса, онда ол босатылуы мүмкін.

34-бап

Ұстап берілген адамды қылмыстық қудалаудың шектері

1. Ұстап берілген адам сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың келісімінсіз қылмыстық жауапқа тартылмайды немесе ұстап беруге дейін жасалған өзге қылмысы

үшін жазаға тартылмайды, ол сондай-ақ үшінші бір мемлекетке де ұсталып берілмейді.

2. Мына жағдайларда келісім талап етілмейді:

1) егер ұстап берілген адам іс бойынша істерді жүргізу аяқталған немесе жазаны өтеген немесе жазадан босатылған күннен бастап бір ай ішінде сұрау салушы Уағдаласушы Тараптың аумағынан өз кінәсі бойынша кетпесе;

2) егер ұстап берілген адам сұрау салушы Уағдаласушы Тараптың аумағынан кетсе, бірақ одан соң өз еркімен онда қайта оралса.

35-бап

Ұстап беруді кейінге қалдыру

Егер ұстап беру талап етілетін адам қылмыстық жауапқа тартылса немесе сұрау салушы Уағдаласушы Тараптың аумағында басқа қылмысы үшін сотталса, оны ұстап беру мерзімі қылмыстық қудалау тоқтатылғанша, үкімді орындағанша немесе жазадан босатылғанша ұзартылады.

36-бап

Уақытша ұстап беру

1. Егер осы Шарттың 35-бабымен көзделген ұстап беруді кейінге қалдыру қылмыстық қудалаудың талап мерзімінің өтуіне әкеп соқтырса немесе қылмысты іздестіруге залал келтірсе, ұстап беру талап етілетін адам уақытша ұстап беріледі.

2. Уақытша ұстап берілген адам олар үшін берілген іс-әрекеттерді жүргізгеннен кейін адамды берген күннен бастап үш айдан кешіктірілмей қайтарылуы керек.

37-бап

Заттарды беру

Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысы қылмыскерді ұстап берумен қатар, екінші Уағдаласушы Тарапқа оның өтініші бойынша қылмыс жасау кезінде қолданылған немесе қылмыстық жолмен алынған бұйымдарды және басқа да заттай айғақтарды өз елінің заңдарына сәйкес беруге міндеттенеді.

Бұл бұйымдарды және басқа да заттай айғақтарды іс бойынша іс жүргізу

анықталғаннан кейін екінші Уағдаласушы Тарапқа қайтарып беру қажет.

38-бап

Транзитті алып өту

1. Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысы екінші бір Уағдаласушы Тараптың өтініші бойынша екінші Уағдаласушы Тарапқа үшінші бір мемлекет ұстап берген адамдарды өзінің аумағы арқылы алып өтуге рұқсат етеді.

2. Алып өтуге рұқсат ету туралы өтініш ұстап беру туралы өтініш ресімделетін және жіберілетін тәртіпте ресімделеді және жіберіледі.

3. Уағдаласушы Тараптардың құзырлы мекемелері әрбір жеке жағдайда транзитті алып өтудің тәсілін, маршрутын және өзге де шарттарын келісіп шешеді.

39-бап

Ұстап беруге байланысты және алып өту үшін жұмсалатын шығындар

Ұстап беруге байланысты және алып өту үшін жұмсалатын шығындарды олар аумағында пайда болған Уағдаласушы Тарап, ал транзитті алып өтуге байланысты шығындарды - сұрау салушы Уағдаласушы Тарап көтереді.

40-бап

Қылмыстық сот істерін жүргізудің нәтижелері туралы хабарлау

Уағдаласушы Тараптар оларға ұстап берілген адамға қарсы қылмыстық сот істерін жүргізудің нәтижелері туралы бір-біріне хабарлайды.

Егер бұл адамға қатысты үкім шығарылған болса, онда ол күшіне енгеннен соң оның көшірмесі жіберіледі.

41-бап

Қылмыстық қудалауды жүзеге асыру міндеті

1. Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысы өтініш бойынша екінші Уағдаласушы

Тараптың аумағында қылмыс жасады деп күмән туғызған өз азаматтарына қарсы өздерінің заңдарына сәйкес қылмыстық қудалауды жүзеге асыруға міндеттеме алады.

2. Айыпкерлердің кінәсінен туған зиянның орнын толтыру жөніндегі

ұсынылған талаптар аталған қылмыстық іспен бір уақытта қаралады.

3. Уағдаласушы Тарап екінші Уағдаласушы Тарапқа қылмыстық қудалаудың нәтижелері туралы хабарлайды және өтініш бойынша оған заңды күшіне енген үкімнің көшірмесін жібереді.

42-бап

Қылмыстық қудалауды қозғау туралы өтініш

1. Қылмыстық қудалауды қозғау туралы өтініште мынадай реквизиттер болуға тиіс:

- 1) қылмыс жасаған адамның жеке басы туралы мәліметтер;
- 2) оның тұратын жері және мекені;
- 3) қылмыстық құрам және заңдардың тиісті баптары;
- 4) тергеу үшін айғақтық материалдар, ал қажет болған жағдайда - дәлелдердің жазбаша көшірмелері;
- 5) қылмыскердің сыртқы сипаттамасы және егер бар болса, фотосуреті.

2. Қылмыстық қудалауды қозғау туралы тапсырма сұрау салушы органның мөрімен және оның бастығының қолымен куәландырылуға тиіс.

43-бап

Ұстап беру және қылмыстық қудалау мәселелері жөніндегі қатынастар тәртібі

Ұстап беру мен қылмыстық қудалау мәселелері жөніндегі қатынастарды, сондай-ақ қылмыстық істер бойынша тапсырмаларды орындауды Уағдаласушы Тараптардың Бас және Жоғарғы прокуратуралары жүзеге асырады.

IV ТАРАУ

Қорытынды ережелер

44-бап

Ведомстволық байланыстар орнату

Осы Шартта аталған Уағдаласушы Тараптардың орталық органдары осы

Шарттың негізінде және оны дамыту үшін ведомстволық келісімдер жасасу жолымен өз құзыреті шектерінде өзара тікелей байланыстар орнатады.

45-бап

Дауларды шешу

Уағдаласушы Тараптар осы Шартты түсіндіру және орындау кезінде туындайтын барлық дауларды дипломатиялық арналар арқылы және тиісті орталық органдар арасындағы консультациялар жолымен шешеді.

46-бап

Шартты өзгерту және толықтыру

Осы Шартқа өзгертулер мен толықтырулар Уағдаласушы Тараптар арасындағы өзара келісім бойынша енгізіледі және әрбір Уағдаласушы Тараптың ұлттық заңдарына сәйкес заңдық процедуралар орындалған соң күшіне енеді.

47-бап

Шарттың күшіне енуі

Осы Шарт бекітуге жатады және бекіту грамоталарымен алмасқаннан кейін 30 күн өткен соң күшіне енеді.

48-бап

Шарттың қолданылу мерзімі

Бұл Шарт мерзімсіз және кез келген Уағдаласушы Тарап дипломатиялық арналар арқылы оның қолданылуын тоқтату туралы жазбаша хабарлама жібергеннен кейін алты ай өткен соң өзінің қолданылуын тоқтатады.

1997 жылғы 7 сәуірде Пхеньян қаласында екі данада, әрқайсысы қазақ, корей және орыс тілдерінде жасалды, сондай-ақ барлық мәтіндердің де күші бірдей.

Осы Шарттың мәтінін түсіндіруде келіспеушілік туған жағдайда орыс тіліндегі мәтін негізге алынады.

(Қолдары)

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.
Багарова Ж.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК